

**С.Оразалин атындағы ЖОББ мектебінің әлеуметтік педагогы
Сағынтаева Гүлсезім Айтқалиқызының
2022-2023 оқу жылындағы жұмысы
бойынша жылдық есебі**

1. **Жалпы еңбек өтілі: санаты:** Педагог- сарапшы
2. **Білімі:** жоғары
3. **Еңбек өтілі:** 9 ай

Ұйымдастырушылық іс-шаралар.

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттарды жүргізу

- әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді;
- нормативтік құжаттар базасы жинақталды;
- «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп ұжымының демеушілігі тарапынан әлеуметтік жағдайына байланысты тандалған оқушыға қаржылай және материалдық көмек ұсынылды;
- әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқу жылында әр балаға бөлінген 37500 (отыз жеті мың бес жүз) теңгені мақсатты жұмсалғандығы жөнінде түбіртектер мен қоса құжаттары жинақталды;
- оқушылардың әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сыныптардың әлеуметтік паспорттары жасалды;
- мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылды;
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл тамақпен қамтубойынша жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік көмек алмайтын отбасы балаларын қамқоршылық кеңес шешімі арқылы ыстық тамақпен қамтылды;
- оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды.

Мектептің әлеуметтік паспорты:

1	Жалпы оқушы саны 1-11	220
2	Көпбалалы отбасы саны	117
3	Толық отбасы саны	34
4	Толық емес отбасы саны	23
5	Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны	25

2. Бала құқығын қорғау жұмысы

- ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді;
- «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстар жүргізілді;
- «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында облыстық, аудандық дін қызметкерлерімен кездесу өтті;
- «Отбасылық қарым-қатынас», «Отбасы – Отан тірегі» тақырыбында орта, жоғары буын сыныптарында эссе байқауы;
- жас өспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алды алу мақсатында қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлеске рейд жүргізілді;
- «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» он күндігі аясында «Бала құқығы – асыл қазына», «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында жоғары сыныптар арасында дөңгелек үстелдер, «Әкімшілік қылмыстық жауапкершілік» кездесулер ұйымдастырылды;
- «Өмір құндылығы» 7-10- сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жасалды;
- «Қалай десек те, ең мықты, табиғи мектеп- отбасы» қыз бала үшін отбасының орны ерекеше екендігін түсіндіру жұмыстары;
- мектеп бітіруші түлектерге «Болашаққа қадам» тақырыбында ой бөліс жұмыстары ұйымдастырылды.



4. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жұмыс

- мүмкіндігі шектеулі балалардың үй-жағдайына зерделеу жұмыстары жүргізіліп, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсетілді;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен кешенді кездесу жұмысы жүргізілді;
- оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді;
- «Жарқырасын жаңа жылдың нұр шамы» мерекелік кеш аясында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына демеушілер тарапынан материалдық көмек көрсетілді;
- «Мен тұлғамын» 7- сыныпта дөңгелек үстел;
- «Қауіпсіз балалақ шақ» эссе жұмысы;



- қыз балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне орай «Көктем аруы -2023» байқауы өткізілді;
- «Алғыс жәшігі» арқылы оқушы мен мұалім арасындағы ынтымақатастықты арттыру;
- әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан және дарынды, озат оқушылардың мектепішілік және қала сыртындағы лагерьлерде демалуын қамтамасыз ету жұмыстар ұйымдастырылды.



4.Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

- жетім және мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне барып, зерделеу жұмыстар жүргізілді;
- сабақтан себепсіз қалатын оқушылармен психологиялық педагогикалық, әлеуметтік түсіндірме жұмыстары жүргізілді;
- ата-ажесімен тұратын оқушылардың отбасылық, әлеуметтік жағдайлары бақылау;

- медициналық сала өкілдерімен (мектеп медбикесі) кездесулер өткізілді.

5. Білім алушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыс

- ата-аналар жиналыстарына қатысу;

- сынып жетекшілердің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау;

- әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білімін, ыстық тамақпен қамтылуын үнемі қадағалау;

- ауылдық әкімшілік орталығымен байланыста болып, АӘК алатын отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау, материалдық көмекпен қамту;

- «Отбасы жарастығы» түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

6. Диагностикалау-талдау қызметі

- оқушылардың отбасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орыным» сауалнамасы алынды.

- аудандық жоспарға сәйкес «Мерейлі ұстаз» тақырыбында ұстаздармен сыр-сұхбат жүргізілді;

- әлеуметтік педагог қызметінің жылдық есебі, келесі оқу жылына жаңа жоспар құру.

